



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №10 (95168) 13 наурыз 2026 ж.

Президентке денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен саланы дамыту перспективасы жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер туралы баяндалды. Министр жалпы және нәрестелер өлімі 15,3 пайызға төмендегенін айтты. Қазақстанда жұқпалы емес аурулардан мерзімінен бұрын қайтыс болғандар саны 25 пайызға азайды. Осылайша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мақсатты көрсеткішіне қол жеткізілді.

Мемлекет басшысына медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, алғашқы медициналық жәрдемді жетілдіру, скрининг бағдарламаларының аясын кеңейту және ана мен бала денсаулығын қорғау қызметін жаңғырту жөнінде айтылды.

Онкологиялық қызметті дамыту шаралары жалғасып келеді. Астана қаласындағы жаңа онкологиялық кешеннің базасында Протонды терапия орталығы ашылды. Қызылорда және Ақтау қалаларында 2 жаңа ПЭТ/КТ кешені іске қосылды. Барлық өңірде сарапшылық

Мемлекет басшысы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованы қабылдағаны



эндоскопия орталықтарының жұмысы жолға қойылды.

Ұлттық ғылыми онкология орталығы мен аймақтардағы бірқатар нысан құрылысы аяқталды.

Бұдан бөлек, МӘМС жүйесіндегі

қаржыны бақылауды күшейту, соның ішінде қаражатты мақсатты жұмсауды мониторингтеу жүйесін автоматтандыру және медициналық қызмет көрсетушілерге талапты қатаңдату шараларына баса назар аударылды.

Министрлік Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Жеке-жеке қызмет көрсететін ақпарат жүйелерін E-Densaulıq платформасына біріктіру қолға алынған.

Министр соңғы екі жылда фармацевтика өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі 2,3 есе, ал дәрі-дәрмектің экспорты 1,9 есе өскенін баяндады. Дәрі-дәрмектің 400-ден астам түрін өндіру бойынша 6 инвестициялық келісім жасалды. Олардың жалпы құны 316,3 миллиард теңгеге бағаланған.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа саланың кадрлық әлеуетін дамыту, медицина қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде ақпарат ұсынылды.

Президент медициналық қызмет сапасын арттыру, саладағы қаржылық тәртіпті қатаңдату, маман даярлау жүйесін жетілдіру, цифрлық жаңғырту жұмыстарын жеделдету және отандық фармацевтика өнеркәсібін өркендету бойынша бірқатар тапсырма берді.

185 МЫҢ ОТБАСЫ БАСПАНА ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТТЫ

Олжас Бектенов құрылыс қарқынын сақтап, сапаны бақылауда ЖИ жобаларын жеделдетуді тапсырды.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкіметінің отырысында тұрғын үй құрылысын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды.

Жиында құрылыс саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Бәйтерек» ҰИХ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұрболат Айдапкелов, сондай-ақ Түркістан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтардың тұрғын сапасын жақсартуға ықпал ететін, ең бастысы, елге пайдасы тиетін нақты нәтижеге қол жеткізу басты мақсат болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл міндетті іске асыруға құрылыс секторы тың серпін беретіні анық. Өткен жылы салада 16% деңгейінде өсім сақталды. 20 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 185 мың отбасы баспана жағдайын жақсартты. Биыл да құрылыс қарқынын сақтай отырып, тұрғын үйді қолжетімді ету бағытында жұмысты жалғастыру керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет азаматтар үшін мемлекеттік қолдау құралдарын алуды оңайлатуға мүмкіндік беретін шаралар кешенін қабылдады. Атап айтқанда, тұрғын үй саясатында негізгі рөл атқаратын Отбасы банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие болды. Тізімдерді цифрлық форматқа

көшіру адам факторын барынша азайтып, тұрғын үйді есепке алу мен бөлу рәсімдерінің ашықтығын арттырды.

Сондай-ақ «Наурыз» және «Наурыз – жұмыскер» бағдарламалары бойынша жалпы көлемі 233 млрд теңгеге 8,5 мыңнан астам несие берілді.

Премьер-министр мемлекеттік органдардың назарын тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарларын орындауды, қалаларда қолайлы, жайлы ортаны қалыптастыруға көңіл бөлу және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын озық қарқынмен жүргізуді тапсырды.

Ірі қалаларда, әсіресе әсіресе Астана мен Алматыда құрылыс жұмыстарының көлемі өсіп келеді. Сонымен қатар моноқалалар мен ауылдық жерлердегі тұрғын үй құрылысын дамытуға да көңіл бөлу керек

Осыған байланысты Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «Бәйтерек» холдингіне әкімдіктермен бірлесіп, азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыруды жандандыруы тиіс.

Сондай-ақ отырыс барысында құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше назар аударылды.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында құрылыс қарқыны қауіпсіздік пен сапаға кесірін тигізбеуі керек екенін атап өтті. Өткен жылы құрылыстың сапасына қатысты ресми түрде 63 мыңнан астам шағым келіп түскен. Жаңа Құрылыс кодексі осындай олқылықтардың алдын алуға бағытталып отыр. Ол ескірген нормалардан халықаралық стандарттарға, цифрлық және автоматтандырылған технологияларға көшу арқылы бүкіл саланы жүйелі түрде жаңартуды қамтамасыз

етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Құрылыс кодексі аясында мемлекеттік бақылау күшейтілді. Тексеруші органдарға жаңа құралдар, оның ішінде цифрлық технологиялардың кең ауқымы ұсынылды. Нысандарды қабылдап алу кезінде құрылысты бақылау органдары мен төтенше жағдайлар қызметтерінің міндетті түрде қатысу тетігі енгізілді. Бұл апаттар мен өрт қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Үлестік құрылыс саласында талаптар қатаңдатылды.

Мемлекеттің тиісті рұқсаты мен кепілдігі болмаса, құрылыс компаниялары үлескерлердің қаражатын тарта алмайды, ал банктер ипотека бермейді. Құжатта сейсмикалық қауіпсіздік талаптарын күшейтуге баса назар аударылған. Сондай-ақ ретсіз және заңсыз құрылыстардың алдын алу, сондай-ақ мектептер мен ауруханалардың тапшылығы сияқты жағдайларды болдырмау үшін түбегейлі жоспарлау жобаларын түзетуге бақылау барынша күшейтілді.

Сонымен қатар құрылыс саласын цифрландыру ісіне ерекше көңіл бөлінді. Бірыңғай құрылыс порталы саладағы ашықтықты арттырып, әртүрлі жүйелерді «бір терезе» қағидаты бойынша біріктіруге және артық бюрократия мен мерзімдерді қысқартуға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Өнеркәсіп және құрылыс, Жасанды интеллект министрліктеріне биылғы шілде айының соңына дейін жобаларды сараптау бойынша жасанды интеллект модульдерінің пилоттық режимдегі жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Маңғыстау, Қызылорда облыстары, Абай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан өңірлерінің әкімдіктеріне 1 маусымға дейін бас жо-

спарлар мен егжей-тегжейлі жоспарларды Қала құрылысы кадастрына көшіруді жалғастырып, саланы цифрландыру бойынша барлық жоспарды жеделдету тапсырылды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

1. Екінші деңгейлі банктердің коммерциялық ипотекасын жетілдіру бойынша жаңа тәсілдер әзірлеу

Мемлекеттік бағдарламаларға жүктемені азайту мақсатында қолжетімді коммерциялық ипотеканы дамытып, көлемін ұлғайту қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Ұлттық банкпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, екінші деңгейдегі банктердің коммерциялық ипотекасын және тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарын одан әрі жетілдіру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар «Отбасы банк» өз кезегінде, халықтың осал санаттарын қолдауға баса көңіл бөлуі қажет.

2. Құрылыс кодексі аясында нормативтік актілерді уақтылы жаңарту Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 1 шілдеге дейін нормативтік актілерді жаңартып, қабылдауды, сондай-ақ оларды іске асыру кезінде үздіксіз бақылап отыруды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Құрылыс саласында 38 жаңа жобаны уақтылы іске қосу

Құрылыс көлемінің жыл сайын өсуіне байланысты құрылыс материалдарына да сұраныс артып келеді. Сондықтан тапшылық пен бағаның өсуіне жол бермеу, сондай-ақ отандық өндірісті қолдау мақсатында қажетті құрылыс материалдарын өндіру жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Биыл елімізде осындай 38 жаңа жобаны іске қосу жоспарланған. Өнеркәсіп министрлігі «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, олардың уақтылы іске қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

Үкіметте инфляция және элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының жағдайы қаралды

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляция динамикасы мен элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының ахуалына арналған кезекті кеңес өтті.

Азық-түлік инфляциясы төмендеу үрдісін жалғастыруда: желтоқсандағы 13,5%-дан қаңтарда 12,9%-ға, ақпанда 12,7%-ға дейін төмендеді. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, бұған әсер еткен факторлардың бірі — элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізімінің жаңартылуы. Аталған тізім 19 атаудан 31 атауға дейін кеңейтілді. Бағаның тұрақтануына элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылаудың күшейтілуі де ықпал етуде.

Жыл басынан бері Сауда комитеті тиісті талаптарды бұзғаны үшін 800-ден астам әкімшілік іс тіркеді. Жалпы ел бойынша инфляция бесінші ай қатарынан баяулап келеді — 2025 жылдың қыркүйектегі 12,9%-дан 2026 жылғы ақпанда 11,7%-ға

дейін төмендеді. Наурыз айының алғашқы аптасында элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 0,1%-ды құрады. Әдетте наурыз айында маусымдық баға өсімі байқалады. Дегенмен Сауда және интеграция министрлігі оны қосымша баға акцияларын ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін кеңейту арқылы тежеуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар көрші елдерден көкөніс өнімдерін жеткізуге арналған «жасыл дәліз» механизмі де өз жұмысын жалғастыруда. Кеңесте сүт өнімдерінің қымбаттағаны аталды. Бұл, ең алдымен, негізгі шикізат — шикі сүт құнының өсуімен байланысты. Бұдан бөлек, энергия ресурстары бағасының артуы мен өндірістік шығындардың көбеюі де әсер етуде. Айта кету керек, сүт өнімдері азық-түлік инфляциясының құрылымында елеулі үлеске ие — шамамен 6,3%.

Осыған байланысты Сауда және интеграция министрлігі сүт өңдеу кәсіпорындарын қолдау тетіктерін қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ нан саласын қолдау шараларын

пысықтау ұсынылды. Атап айтқанда, кәсіпорындарды арзандатылған астық және ұнмен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп тиісті шикізатты теміржол арқылы тасымалдау тарифтерін төмендету мүмкіндігін қарастыру мәселесі көтерілді. Вице-премьер элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерді қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу үшін елде жұмыс істеп тұрған 42 сүт өңдеу кәсіпорнындағы өнім бағасының қалыптасуына жан-жақты талдау жүргізуді тапсырды. Кеңесте Жамбыл облысындағы элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының жағдайы да жеке қаралды.

Азық-түлік инфляциясының деңгейі бойынша өңір елде бесінші орында, ал элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі бойынша алтыншы орында тұр. Қазіргі уақытта облыста 1982 дүкен жұмыс істейді, оның 69-ы ірі сауда желілері. Өңір нарығын шамамен 50 ірі өндіруші қамтамасыз етеді. Олардың ішінде отандық өнімнің үлесі 43%-ды, ал импорттық өнім шама-

мен 30%-ды құрайды. Сондай-ақ өңірде сүтті терең өңдейтін 19 кәсіпорын және ет өңдейтін 38 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылы облыста 230 мың тонна сүт өндіріліп, оның 107,7 мың тоннасы өңделген.

Сонымен қатар 75,3 мың тонна ет өндіріліп, оның 43%-дан астамы қайта өңдеуден өткен. Элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіретін 11 кәсіпорын үшін электр энергиясына жеңілдетілген тарифтер қарастырылған. Кеңес барысында тұрақтандыру қорларындағы көкөніс өнімдерін сату қарқынының төмен екені де айтылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың мәліметінше, қазіргі таңда картоп қорының 56%-ы, сәбіз бен пияздың 55%-ы, ал қырыққабаттың 58%-ы сатылған. Бұл бағыттағы жұмыс қарқыны Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда және Ұлытау облыстарында баяу жүріп жатқаны байқалады. Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Сауда комитетіне өңірлердегі тұрақтандыру қорларына тексеріс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ өкімдіктердің есептік деректерінде көрсетілген өнімдердің нақты бар-жоғын анықтау міндеті қойылды.

Бейбіт Исабаев «Атамекен» ҰҚП басшылығымен шағын және орта бизнесті дамыту мәселесін талқылады

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар өңірдегі шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау және инвестиция тарту мақсатында тиімді өзара іс-қимылды жолға қою мәселелерін талқылады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Басқосуда Бейбіт Исабаев Жетісу облысында инвестициялық ахуалды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту, бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді.

Бұл ретте өңір басшысы бірқатар ірі инвестициялық жобаларды, соның ішінде металлургиялық комбинаттың, Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласының, сондай-ақ жүк және жолаушыларға арналған әуежайдың құрылысын атап өтті. Сонымен қатар өнеркәсіп саласын дамыту мәселесіне де тоқталып, бұл кездесу Жетісу өңіріндегі шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға маңызды серпін беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Қанат Шарлапаев кәсіпкерлікті қолдау бағытында қабылданып жатқан шараларға тоқталып, жуық арада елдің барлық өңірін қамтитын шағын және орта бизнесті қолдауға арналған жаңа «Іскер аймақ» бағдарламасын іске қосу жоспарларын отырғанын жеткізді. Кездесу соңында тараптар жергілікті кәсіпкерлікті қолдаудың өзекті мәселелерін талқылап, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісуда полиция қауіпсіздікті дрондар арқылы қамтамасыз етуде



Құқық қорғау жүйесін цифрландыру — бүгінгі күннің шындығы. Жетісу облысының полициясы жеделдікке, дәлдікке және құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық бере отырып, ұшқышсыз басқарылатын технологияларды белсенді түрде қолдануда. Бүгінде полиция қызметкерлерінің қарамағында күнделікті қызметте де, арнайы іс-шаралар барысында да пайдаланылатын 48 заманауи дрон бар.

Негізгі бағыттардың бірі — жол-көлік оқиғаларын тіркеу. 500 метрге дейінгі биіктіктен дрондар жол-көлік оқиғасы орын алған жердің егжей-тегжейлі фотограмметриялық карталарын жасайды. Бұл жағдайды жедел бағалауға, оқиғаның нақты көрінісін объективті түрде тіркеуге және жолды жабу уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Ұшқышсыз аппараттар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде де кеңінен қолданылады. Олар жаппай іс-шараларды бақылауға, жедел ахуалды мониторингтеуге және құқық бұзушылықтарды нақты уақыт режимінде анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар дрондар периметрлер мен стратегиялық нысандарды күзету барысында заңсыз кіру фактілерін тіркеу үшін пайдаланылады. Жеке бағыт ретінде экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау да қарастырылған. Атап айтқанда қоқысты заңсыз тастау, орманды заңсыз кесу, қалдықтарды төгу және браконьерлік фактілері дрондар арқылы әшкереленуде. Жылу бейнелеуіштермен жабдықталған аппараттар құқық бұзушыларды түнгі уақытта және жетуі қиын аумақтарда да анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда облыс аумағында дрондардың көмегімен 232 құқық бұзушылық анықталды. Алайда олардың басты мақсаты — алдын алу. Әуе арқылы бақылаудың өзі азаматтарды тәртіпке шақырып, құқық бұзушылық тәуекелдерін едәуір төмендетеді.

ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми интернет ресурсы.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІ ТАРИХИ ҚАДАМ

Сарқанда «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның халықтық конституциясы үшін» аудандық коалициясы Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің ұжымымен кездесті.



Сарқан қаласындағы өнегелі өткені, тамырлы тарихы бар іргелі оқу ордасы - Н.Островский атындағы мектеп-лицейінде Жаңа Конституция жобасының мазмұнын түсіндіру, ондағы өзгерістердің ел болашағына әсерін жеткізу мақсатында мектеп қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесуге Сарқан аудандық коалициясының мүшелері Алинов Ермек Шопиянұлы, Дармышев Ерлан Ерұзақұлы қатысты.

Кездесу барысында коалиция мүшелері конституциялық реформа елдің орнықты дамуы, демократиялық қағидаттарды нығайту және саяси жүйені кешенді жаңғырту жолындағы стратегиялық әрі тарихи қадам екеніне баса мән берді. Сондай-ақ ұсынылып отырған өзгерістер Мемлекет басшысы бастамашы болған жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екеніндігін атап өтті.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕР ЖАҢАША ЖАҢҒЫРАДЫ

Көкжиде ауылында Ерікті орта мектебінде Жаңа Конституция жобасының мазмұнын түсіндіру, ондағы өзгерістердің ел болашағына әсерін жеткізу мақсатында мектеп қызметкерлерімен кездесу өтті.

Кездесуге Сарқан аудандық коалициясының мүшелері А.Искаков, Е.Айтжанов, Г.Жетібаева қатысып, жаһандық сын-қатерлер мен халықаралық тұрақсыздық белең алған қазіргі кезеңде мемлекеттің құқықтық негіздерін жаңғыртудың маңызы арта түскеніне назар аударып, мұндай қадам Қазақстанның әлемдік үрдістерге бейімделуіне және құқықтық жүйесін жүйелі түрде нығайтуына мүмкіндік беретіндігін атап өтті. Конституция жобасында елдің одан әрі дамуының негізгі бағдарлары да нақты айқындалған. Атап айтқанда, адам капиталын дамыту, мемлекеттілікті, Тәуелсіздік пен егемендікті нығайту, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау басты басымдық ретінде белгіленіп отыр. Мұның барлығы аталмыш аудандық коалициясының мүшелері тарапынан жан-жақты айтылып, қатысушылардың ой-пікірлері ортаға салынды.

Жергілікті шаруалар, өндіріс қызметкерлері, белсенді жастар, мәслихат депутаттары және этномәдени бірлестіктер, сан түрлі сала өкілдерімен Жаңа Конституция жобасының маңызды нормалары кеңінен талқыланып жатқан мұндай мазмұнды кездесулер ауданымызда жалғасын табуда.

Өз тілшіміз.

ЕЛІМІЗДІҢ ТІРЕГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Алғаш ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында айтты. Жобаның преамбуласында адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде белгіленген. Сондай-ақ бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде айқындалады. Егемендік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар қатарына енгізілген. Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау қағидаттары алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілмек.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы әрі егемендіктің иесі — Қазақстан халқы. Осы бапта егемендіктің иесі- халық екені нақты көрсетілді. Екі палаталы Парламент Құрылтай бір палаталы, заң шығарушы ең жоғары өкілді орган болып өзгереді. 145 депутат партиялық тізіммен 5 жылға сайланады.

Сонымен қатар, этникалық топтар мен өңірлердің мүддесін білдіретін консультативтік орган - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи миссиялары табысты аяқталғанын айтып, жаңа институт-Қазақстанның Халық кеңесін құруды ұсынған. Жобаның жариялануы қоғамда әртүрлі пікір туғызды. Азаматтық қоғам өкілдері, құқық қорғаушылар мен сарапшылар конституциялық өзгерістерді қабылдау барысында кең қоғамдық талқылау мен ашықтықтың маңызын атап өтті. Конституция - мемлекеттің жүрегі. Бүгінгі өзгерістер болашақ ұрпақ үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Ата заңға өзгеріс енгізу-еліміздің дамуын, саяси өзгерістердің болуын көрсетеді.

Осы өзгерістер «Күшті Президент-Ықпалды Парламент-Есеп беретін Үкімет» қағидатын нақты мазмұнмен толықтырады. Менің айтарым осы өзгерістер нақты өмірде жүзеге асса екен. Заңды білу, құрметтеу әрқайсымызға байланысты! Референдумда - Әділетті Қазақстан үшін, өкілетті Конституциямыз үшін дауыс беремін!

Байжан СЕЙІТҚҰЛ,
зейнеткер-ұстаз, Қарабөгет ауылы.

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап - тексеруден өткізу

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі ҚР Заңына сәйкес әзірленді және тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізудің тәртібін айқындайды.

Жылына бір рет техникалық қарап-тексеруге жеке және заңды тұлғалардың иелігіндегі және жергілікті атқарушы органда мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жатады.

Жергілікті атқарушы органның инженер-инспекторы машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізген кезде: 1) машиналардың кімге тиесілі екенін нақтылайды, машина, шасси, қозғалтқыш, рамасының, типінің, моделінің, шығарылған жылының, зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгісінің тіркеу құжатында жазылған деректерге сәйкестігін тексереді; 2) машиналардың техникалық жай-күйін машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін тексереді.

Агрегаттар мен механизмдер ажыратылмай, диагностикалық аспаптарды және басқа бақылау құралдары мен тәсілдерін пайдаланып тексеріледі. Тіркемелердің техникалық жай-күйі тракторлық поезддың құрамында тексеріледі (тарту-ілу құрылғысы мен тежегішті бұғаттағыштың ақаусыздығын бақылау үшін).

Техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін машиналар техникалық қарап-тексеруден өтпеген болып саналады.

Машиналарды техникалық қарап-тексеруді жүргізу үшін жеке және заңды тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады: 1) жеке тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі): өтініш, машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт); 2) заңды тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі): өтініш, машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт), машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер.

Сарқан ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі ММ.

Сарқан ауданы бойынша 2026-жылы жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы және арнайы техникаларын (машиналарын) жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу туралы жұмыс кестесі

№	Ауылдық округтер	Техникалық байқау өтетін орнын	Жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу уақыты	Жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізудің аяқталу уақыты	Ескерту
1	Алақөл ауылдық округі	Алақөл Аяғы центрі	06.04.26 ж. сен. 09:00	06.04.26 ж. сен. 18:30	
2	Аманкөл ауылдық округі	Төрткентіңгі Сырлыөзек Көкесек центрі	07.04.26 ж. сен. 09:00	07.04.26 ж. сен. 18:30	Жұмыс мәжілісін тек қана ауылдық округ әкімінің қатысуымен өткізіледі.
3	Бөкейтің ауылдық округі	Бөкейтің ауылы	08.04.26 ж. сен. 09:00	08.04.26 ж. сен. 18:30	
4	Қызылқұм ауылдық округі	Қызылқұм ауылы	09.04.26 ж. сен. 09:00	09.04.26 ж. сен. 18:30	
5	Қызылқұм ауылдық округі	Қызылқұм ауылы	10.04.26 ж. сен. 09:00	10.04.26 ж. сен. 18:30	
6	Сарқан ауданы округі	Сарқан ауданы Бітік ауылы	11.04.26 ж. сен. 09:00	11.04.26 ж. сен. 18:30	
7	Чернышев ауылдық округі	Чернышев Кирпінші Бірқалың ауылы	12.04.26 ж. сен. 09:00	12.04.26 ж. сен. 18:30	Жұмыс мәжілісін тек қана ауылдық округ әкімінің қатысуымен өткізіледі.
8	Шығарбай ауылдық округі	Шығарбай ауылы	20.04.26 ж. сен. 09:00	20.04.26 ж. сен. 18:30	
9	Төлеу ауылдық округі	Төлеу ауылы	21.04.26 ж. сен. 09:00	21.04.26 ж. сен. 18:30	
10	Аманкөл ауылдық округі	Аманкөл ауылы	23.04.26 ж. сен. 09:00	23.04.26 ж. сен. 18:30	
11	Көкесек ауылдық округі	Көкесек ауылы	23.04.26 ж. сен. 09:00	23.04.26 ж. сен. 18:30	
12	Алақөл ауданы округі	Алақөл ауылы	27.04.26 ж. сен. 09:00	27.04.26 ж. сен. 18:30	
13	Сарқан ауданы округі	Сарқан ауданы	28.04.26 ж. сен. 09:00	28.04.26 ж. сен. 18:30	

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

Сыбайлас жемқорлықпен күресу іс-шаралары мемлекеттік саясат, алдын алу (профилактика) және құқықтық тәрбие беру бағыттарында кешенді түрде жүргізіледі. Қазақстан Республикасында бұл жұмыстар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң мен 2022-2026 жылдарға арналған саясат тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі жұмыс үздіксіз жүргізілуде және үнемі жетілдірілуде. Әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерінің барлық елдер үшін оңтайлы бірегей жиынтығы жоқ. Әрбір ел қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі әдістер жиынтығының ерекшелігі бірегей және тек саяси және экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрып пен дәстүрге, діни ерекшеліктер мен құқықтық мәдениет деңгейіне, сондай-ақ алып отырған аумақтың ауданына, тығыздығына, халық санына да байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде. Осы Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден тиісінше қамтамасыз етуді көздейді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу іс-шараларын мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардағы жемқорлық қаупін азайтуға арналған іс шараларды жұмыс барысында келесідей жүргізу қажет:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу: Мекеме қызметіндегі жемқорлыққа жол беретін жағдайларды анықтау және оларды жою.

Антикоррупциялық мониторинг: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметіне тұрақты бақылау жасау.

Комплаенс-қызметінің жұмысы: Ұйым ішіндегі заңнамалық талаптар мен әдеп нормаларының сақталуын қадағалау.

Мүлкті және кірістерді декларациялау: Мемлекеттік қызметшілердің мүлкі мен автокөліктері туралы есеп беруін қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігі тек мемлекеттік бақылауға ғана емес, сонымен бірге әрбір азаматтың оған қарсы тұру батылдығына байланысты.

К.АҚАН,

Сарқан аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

СЕМІЗДІК

Дені саудың жаны сау деген қазағымның өте көремет мақалы бар. Бұрынғы адам көп жаяу жүрген, көп қимылдаған, ертеден кешке дейін жұмыс жасап көп қимылдап жеген тамағының каллориясын жұмсаған.

Ал қазіргі адам-НОМО SAPIENS-цивилизация, урбанизация, технологияның дамыған заманында көп жұмыстарын үйде отырып телефон арқылы шешеді. Баратын жеріне машинаға, такси, автобустар арқылы қатынайды. Сондықтан ішкен тамағының каллориясы жойылмайды. Ол ішкен тамақтың артық каллориясы нейтралды май болып, адам ағзасына терінің астына, бұлшық еттердің арасына, қан тамырлардың сыртына және ішіне, буынның ішіне, адамның қарнына ішектің майы ретінде жиналып, адам артық салмақ жинай бастайды, толады. Сондықтан жаңа аурулар пайда бола бастайды. Соның бірі семіздік. Бұл ауру қазіргі заманның індеті десем де артық емес деп ойлаймын. Мен 52 жыл медицина саласында жұмыс істедім. Бұрын менің участкамда 20-25 адам артериалды гипертония, 15-20 ИБС, Қант диабеті 10-15 адам болса, ал қазір диспансерлік есепте артериалдық қан қысымының көтерілуі 180-200-ге жетіп артылады. ИБС –жүрек талмасы -50-60, қант диабеті бойынша 50-60 адам бар. Қазіргі адам тамақты үш уақыт жазбай ішеді, жұмысы отырықшылық - 8 сағат отырады, аз қозғалады, көбінесе диванда жатып телевизор көреді. Қозғалу, қимыл физикалық жұмыс істеу жоқтың қасы.

Семіздіктің қандай салдары бар. 1. Артық салмақ адамның буындарына өте үлкен салмақ береді, 2. Артық май–холестерин қан тамырларына ішіне жабысып, қанның қозғалысын қиындатады, сосын жүректің жұмыс жасауы әлсірейді, -жүрек талмасы деген ауру пайда болады, май қан тамырлардың ішінен де сыртынан да қысады. 3. Сондықтан артериалдық қан қысымының көтерілуі пайда болып, дәрі-дәрмекті ұдайы ішуге мәжбүр боласыздар. 4 Қант диабеті –деген заманауи ауру десе де болады – тамақты артық және көбінесе тәттілер (печенье, торт конфектердің түр түрі, фастфуттер, чипсы, киришки, бургерлер, гамбургерлер, энергетикалық ішімдіктер) адам ағзасына зиян келтіреді. Бұл індеттердің ең бір дұрысы жұмыс істеу-қозғалу жаяу жүру, артық тамақ ішпеу, тамақты мөлшермен қарның ашқанда ішу.

Дұрыс тамақтану әр адамның өзінің қолында. Салауатты өмір салтын ұстанайық.

С.ТУЛЕГЕНОВА,

Сарқан аудандық ауруханасы, емхана терапевт дәрігері.

Табиғат – адамзаттың ең асыл қазынасы, тіршіліктің тірегі. Оны қорғау, көздің қарашығындай сақтау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы, ертеңгі ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы ұстанымды басты бағыт еткен «Жоңғар –Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ Алақөл филиалы табиғатты қорғау, биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық ағарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді.

Жоңғар Алатауы өңірі – сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне бай, табиғи ландшафтысы ерекше аймақ. Бұл аумақта Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлері мекендейді. Сондықтан ұлттық парк аумағында табиғатты қорғау шаралары заң талаптарына сай қатаң жүргізіледі.

Алақөл филиалы қызметкерлері орман және дала экожүйелерін сақтау, заңсыз ағаш кесу, браконьерлік

Табиғатты сақтау - ұрпақ аманаты!



әрекеттердің алдын алу, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырады. Сонымен қатар туристік ережелерді сақтауға ағарту жұмыстары – филиал қызметінің

маңызды бөлігі. Мектеп оқушыларымен, еріктілермен және жергілікті тұрғындармен кездесулер, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, «Табиғатты аялау – әр азаматтың міндеті» екені кеңінен насихатталады. Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар тазалық акциялары, сенбіліктер ұйымдастырылып, табиғи аумақтарды қоқыстан тазалау жұмыстары жүргізіледі. Бұл – табиғатқа жанашырлық танытып қана қоймай, қоғамды ортақ іске жұмылдырудың жарқын үлгісі.

Е.АШТАЕВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алақөл филиалының Көкжар орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Осыдан жеті жыл бұрын Сарқан аудандық мәдениет үйінің жанынан өнерпаздар театры ашылған болатын. Бұл игі қадамға жерлесіміз, 75 жасқа жігерлі жеткен Бақалы ауылының тумасы, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Саят Мерекеұлы бастамашы болды. Сарқан ауданының Құрметті азаматы атанған күні жерлестерінің алдында өзі туып-өскен ауданда Халық театрын ашсам деген арманын ортаға салған болатын.

Жомарт ИГІМАН

Алматы қаласында тұрып, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың Ұлттық Академиялық театрындағы қызметінің және кино алаңдарындағы кезекті рөлдерінің аралығында туған ауданына сапар шегіп, ақысыз үйірме ашып, өнерпаздар театрының негізін қалады. Жаңа қойылымдарын аудан тұрғындарына, ауданның елді мекендеріндегі көрермендерге таныстырып, облыстық театр фестивалдарына қатыса жүріп, ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көруге мүмкіндік туды. Жыл басында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №697-НҚ Бұйрығымен Сарқан ауданының өнерпаздар театрына «Халықтық» атағы берілді.

Саят Мерекеұлы Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері. Москваның Щепкин атындағы жоғары театр училищесін бітірген белгілі актер ұзақ жылдан бері М.Әуезов атындағы академиялық театрда жемісті қызмет атқаруда.

-1951 жылы наурыздың 9-ы күні таңғы сағат 4-тер шамасында Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Алғабас колхозында дүниеге келіпін.-дейді әйгілі актер өзінің өмірбаяндық кітабында. - Оны әлденше рет айтып, құлағыма құйған анам Жексенбекова Түшкен. Әкем Тұңғышбаев Мереке зейнетке шыққанша ұстаз болып шәкірт тәрбиеледі. Алдындағы әпкем Сәуледен кейін дүниеге келген маған азан шақырып Саят деп ат қойыпты. Анамның айтуынша, мен бала болып еңбектемеген екем, бір аяқты бүгін алып құйрықпен жылжып, ақыры кереге жағалап жүріп кетіпін. Сәуле әпкем екеумізден соң өмірге бауырларым Жанат, Қанат, Марат, Мұрат, қарындасым Анар келді. Бүгінде бәрі балалы-шағалы, жеке-жеке үйлі баранды болып кетті.

Сол жылдары Ағарту, Бақалы, Киров дейтін 3 ауылдың орталығы – Бақалы еді. Саят ағаның сахнаға деген құштарлығы бала кезінде-ақ ояныпты. Бірде Кировке театр келіп, ойын қояды. Ауылдың балаларына ілесіп барған біздің кейіпкеріміз ойынды машинаның қорабында отырып тамашалайды. Сахнаның төрінде – таудың көрінісі. Басты рөлді ойнаған жігіттің үстіңгі қасқа тістері темірмен қапталған екен, сөйлегенде жарыққа шағылып жалт-жұлт етеді. Осындай болсам-ау деген арман оты тұтанып, өнерге деген сүйіспеншілік оның жүрегіне сол күні келіп ұя салыпты...

Мектеп табалдырығын 1957-ші жылы аттады. Оқып жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, өлең айтатын. Бала кезден кешкілік ауылдың клубында жиналып би билейтін үлкендердің арасында жүрді. Ол кезде магнитофон дегеніңіз атымен жоқ, жалғыз патефон, сосын гармонь (сырнай). 7-ші класс оқып жүргенде вальсті оңға да солға айналып билеуді үйренді. Твист, летка-енка, шейк сияқты билерді тас еденді дүрсілдетіп билеп өскен екен.

-1960 жылы әкем ауылдың дүкенінен домбыра алып берді. Өзінің де шертетіні бар, анам да құралақан емес-ті. Домбыраны «Елім-ай»-дан бастап үйретті. Үйде табақтай қара радио болды, содан ән мен күй тыңдаймын. Естігенімді жаттап алуға тырысамын. Осылайша балалық шақ та өте шықты,-дейді Саят аға.

1967 жылы Н.В.Гоголь атындағы орта мектепті 21 қыз, 9 бала бітіріп, үлкен өмірге қанат қақты. Бірі агроном, бірі инженер, енді бірі энергетик, мал дәрігері, құрылысшы, ұстаздық мамандықтарын таңдап, жан-жаққа сапар шекті. Сол жолы оқуға бара алмады, оған себеп те жоқ емес, ауылда қант қызылшасын суғарды. Содан күздің күні қазан айының 9-да Бақалыда ашылған өнерпаздар театрына жұмысқа орналасты. Ол театрды ашқан, өнер десе ішкен асын жерге қоятын, отбасылық ансамбілімен қалың қазаққа танымал болған Шега Елубаев ағамыз еді. Ең алғашқы сахнадағы ролі – Шега аға қойған «Бозтөбеде бір қыз бар»

Оахна Лаңлағы

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кино және театр актёры, "Сарқан халық театрының" жетекшісі Саят Мерекеұлы жеті белесті артқа тастап, 75 жасының тірі аңызы десек те болады. Өнер саңлағын осынау мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық тілейміз. Төрт құбылаңыз тең, үш жұртыңыз аман болып, отбасыңыздың ортасында бақытқа бөленіп жүре беріңіз! Тәңір қуат беріп, 100 жасаңыз!



Ізгі тілекпен: аудан әкімдігі, аудандық мәслихат және Қ.Тастанбеков атындағы Сарқан аудандық мәдениет үйінің ұжымы.

Жетпіс бестің төрінде,

Шаттығыңыз расталсын.

Отбасының жанында,

Шат күніңіз расталсын.

Саулығыңыз мықты боп,

100 жасқа сіз жетіңіз!

Амандықта лайым,

Асулардан өтіңіз.

Бар жақсылық орнасын,

Ән-жырымен тербеліп.

Біз жүрейік әрқашан,

Өзіңізге дем беріп.

атты комедиядағы сельмаг меңгерушісі Сәдуақас бейнесі.

1968 жылы Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесінің театр бөліміне оқуға түсті.

1970-1972 жылдары әскери борышын өтеп келіп, 1973 жылы осы аталған оқу орнын бітіріп шықты. «Алатау» ансамблінде домбырада ойнады.

1973 жылы Мәскеудің Щепкин атындағы жоғары театр училищесінің актер факультетіне оқуға түскен ол дипломдық спектакльдерде Лавреневтің «Разлом»-ында капитан Берсенев, Гориней мен Джованинидің «Ринальдо шықты майданға»-сында Ринальдо бейнесін жасады.

1978 жылы оқуды аяқтаған соң жолдамамен Торғай облыстық С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театрына жұмысқа алынды. Бұл театрдағы жұмыс істеген жылдарын ол әрқашанда сағынышпен еске алады. Осында жүріп М.Әуезовтің «Қаракөз»-інде – Сырым, С.Жүнісовтың «Әліара» пьесасында – Жақай Тайшиев, Т.Жойқынбековтың «Егер азамат болсаң»-ында – Хамит, Мирзагитовтың «Боздағын күткен бейбақтар»-ында – Тайфур, Шекспирдің «Ромео-Джульета»-сында – Тибальт, «Пай-пай жас жұбаслар-ай»-да Есет сияқты образдарын сомдады.

1987 жылы қаңтардың 9-күні көркемдік кеңестің сынынан өтіп, 1 жылға келісім-шартпен қазақ өнерінің қарашаңырағы М.Әуезов атындағы академиялық театрға жұмысқа қабылданды. Көркемдік кеңестің сынынан өтуге оны дайындаған досы Оразхан Кенебаев болатын. Ол кезде өнер ордасының әртісі еді.

Деменіз мына мұртты келген қайдан, Болады ұлтым қазақ, тегім – Найман. Сүйгенім өнер болды бала кезден, Қоштасып келіп тұрмын ен Торғайдан. Атымды үш айқайлап қойған Саят, Өмірде жесем дағы біраз таяқ, Байқап бір көріңіздер жыл бойына, Өнерден мен қалмаспын

жанымды аяп.

Ісімнен бір олқылық көрсеңіздер, Сөзіме осы айтқан сенсеңіздер, Өкпем жоқ ешкімге де, өзім кетем, Тек бір жыл маған рұқсат берсеңіздер,-

деп сыннан өтіп, бір жыл болса да академиялық театрдың әртісі боп шыға келді.

- Академиялық театрдағы ең бірінші рөлім «Абай» дағы Мес. Бұған шыққандағы әсерді айтсам, әңгіме тым ұзаққа кетеді. Осы өнер ордасын Әзекең (Ә.Мәмбетов) басқарған жылдары жасаған жұмысым – өмірімнің үлкен бір белесі, тынымсыз тірлік, ізденістің өзінен нәр алған, алдағы өмірге, ертеңге деген үміттің, сенімнің нышанындай еді. Әз-аға қойған С.Жүнісовтың «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»-інде М.Әуезовтың бейнесін көрсеттім. Қалай шыққанына баға беретін мен емес, бағалайтын көрермен халқым, театр сыншылары. Бұдан соң М.Әуезовтың «Абай» пьесасында Абайды сеніп беруі, одан кейін Ф.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»-ында – Қарабай, Т.Ахтановтың «Жоғалған дос»-ында Мырзахмет образдарын жасауды бұйыруды менің мойныма артылған ауыр жүктер еді. Бұл қойылымдар бұрыннан сахнада ойналып келе жатқандықтан, спектакльге өзімше жеке дайындықпен келіп кірдім. Театр тілінде мұны ввод дейді. Яғни – сырттан келіп кірігу, бейне, тұлға жасау. Енді, әртіс үшін бұдан асқан азап жоқ, ұйқы қалады жайына. А.Сүлейменов ағаның тілімен айтқанда «азғантай миың арпадай шашылып», жүйкең жұқарып, өмірден түңіліп кетесің. Жалпы академиялық театрда жұмыс істеген жылдары 37 рөлге ввод жасаппын. Оның аз-көптігін өнердегі әріптестерім толығынан түсінеді деген ойдамын. Ширек ғасырға жуық академиялық театрдағы өмірімде 100-ге жуық бейне жасаппын. Әз-ағаң, досым Оразханнан басқа Асекең (А.Әшімов аға) қойған И.Файыптың «Мен ішпеген у бар ма?»-сында – Оразбай, Ж.Аймауытовтың «Ақ білегінде» - автор, Е.Аманшаевтың «Сұлтан болсам егер мен»-інде – Сұлтан сынды образдарды сахнаға шығардым. Қадір аға Жетпісбаевтың «Қаражаяуында» - Махмуд, Шекспирдің «Юлий Цезарь»-ында – Публии, Веррон, Метелл. 4-тұрғын сияқты бейнелерді сомдадым,-дейді ағамыз ақ жарылып.

Өнерде де, өмірде де турашыл азамат Болат Атабаевтың қойған Қ.Ысқақовтың

«Жан қимақ»-ында – Ғабділ-кәрім, Ш.Құсайыновтың «Үкілі Ыбырай»-ында – Ақан Сері, Б.Римова мен Б.Атабаевтың «Абай десем»-інде – Абай, Б.Римованың «Қос мұңлық»-ында – Ахат, И.Файыптың «Естайдың Қорланында» Ақсақал образдарын шығарды.

Есағаң (Есмұхан Обаев) қойған Н.Гогольдің «Пара»-сында – Земляника, Т.Нұрмағамбетовтың «Ескі үймен қоштасу»-ында – Жалғасбек, М.Әуезовтың «Абай»-ында Оразбай сынды бейнелерді жасады.

- Әңгіме Әукеңе (Әубәкір Рахимовқа) тірелгенде, досымның сахналаған еңбектерінің 85 пайызында жұмыс істедім десем артық айтқандығым емес. Шыны солай. Ол қойған А.Сүлейменов ағаның «Төрт тақта жайнамаз»-ында – Райфин, «7-палатасында» - Скоп, «Қыздай жесір немесе штат қысқарту»-ында – Сәтов, «Ақымақ болған басым-ай»-ында – Сотенвил, Н.Әбутәліптің «Өттің дүние»-сінде – Гекке, Н.Оразалиннің «Қилы заманында» – Әубәкір, Рахымбай. Қ.Ысқақтың «Қамар сұлу»-ында – Нұрым, С.Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ғашықсыз ғасыр», «Сағыныш пен елес» спектакльдерінде – Қошқарбай, Қайырбай, Хайретден, Е.Аманшаевтің «Үзілген бесік жырын» - да – Шал, Т.Мәмесейіттің «Бәкей қыз»-ында – Ұзақ батыр, И.Вовнянконың «Апат»-ында Асан сияқты бейнелерді жасадым. Әукеңмен 1968 жылы Жамбылда танысып, содан өмірде де, өнерде де бірге келеміз,-деп толғанады Саят аға.

Академиялық театрда жұмыс істеген алғашқы жылдары қазақ театр өнерінің іргетасын қалаушылардың бірі Халық әртісі Қапан аға Бадыровпен, Халық әртістері Шахан Мусин, Камал Қармысов, Атайбек Жолымбетов, Мүлік Сүртібаев, КСРО Халық әртісі Ыдырыс Ноғайбаев, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртістері Таңат Жайлыбеков, Ғабдолла Сүлейменов және өзі өнерде пір тұтқан Халық әртісі Нұрмұхан Жантөрин ағаларымен сахнада серіктес болу бақытына ие болды.

Әлі күнге дейін КСРО-ның Халық әртістері Сәбира Майқанова, Шолпан Жандарбекова, Хадиша Бөкеева, Фарид Шәрипова, Қазақ КСР-нің Халық әртісі Бикен Римова апаларын сағынышпен еске алады.

- Осы үлкен ағалар мен апаларымнан қанша үлгі алдым, тәрбие көрдім. Үлкендердің айтқан бір ауыз жылы сөзі бойыңа қуат беріп, ертеңге жетелейтін. Халық әртістері Әшірәлі Кенжеев, Әнуар Боранбаев, Құдайберген Сұлтанбаев, Уайс Сұлтанғазин, Мейірман Нүрекеев сынды әріптес достарыммен театрда бірге өткізген өмірім, әрқайсысы өз алдына жеке-жеке әңгіме. Өксігі мол, орны толмас екініш. Егер мен өнерде бір нәрсеге қол жеткізсем, оным – сахнадағы серіктестеріммен бірге шыққан биігім, алған асуым деп білемін,-депті ағамыз өзінің өмірбаяндық кітабында.

Еңбектің, төккен тердің өтеуі болар 2002 жылы «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталса, 2010 жылы «Қазақстанның Еңбегі сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды. Сол жылы Театр Қайраткерлері Одағы тағайындаған «Еңлік гүл» сыйлығының тұңғыш иегері болды.

Саят ағамыз өз өмірі жөнінде осылайша толғанады. Әлі күнге дейін театр сахнасынан және кино қойылымдарынан жиі көрініп, көрермендердің сүйіспеншілігіне бөленген ағамыздың өзінің ғұмыры ұзақ, сахнадағы, кинодағы кейіпкерлерінің ғұмыры мәңгі болсын!

•Жамбыл Жабаев - 180

Қазақ халқының сөз өнерін әлемге танытқан, жыршылық дәстүрдің заңғар тұлғасы – Жамбыл Жабаев ұлт руханиятының айрықша бөлесі. Оның шығармашылығы халық тарихының көркем шежіресі әрі елдік пен ерліктің асыл мұрасы ретінде бағаланады. Даланың даналығын, елдің мұңын, жұрттың қуанышын жырға қосқан ұлы ақын – ұлттық поэзиямыздың мәңгілік шамшырағы. Жамбыл жырлары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының арман-мұраты, тағдыры және тарихымен біте қайнасқан баға жетпес рухани қазына болып табылады. Ол ұрпаққа ұлттық сананы сақтауға, дәстүрді қастерлеуге және елдің мәдениетіне деген сүйіспеншілікті арттыруға үлес қосқан қайталанбас тұлға.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ - мәңгілік жыр иесі



Осы рухани мұраны насихаттау мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қызметкерлері Лепсі ауылдық Мәдениет үйінің қызметкерлерімен бірлесіп, Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған «Жамбыл Жабаев - мәңгілік жыр иесі» атты танымдық шара өткізді.

Іс-шараға ауыл тұрғындары, зейнеткерлер, Лепсі ауылының әкімі, Лепсі ауылдық қоғамдық кеңесінің төрағасы және К.Д.Ушинский атындағы орта мектептің оқушылары белсенді қатысып, ақынның шығармаларын жатқа айтып, жырларын мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, Мәдениет үйінің қызметкерлері Жамбылдың өндерін орындап, кешке ерекше мерекелік көңіл күй сыйлады.

Ақын 1846 жылдың ақпан айында Теріскей Алатаудың солтүстік баурайында, Хан мен Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Ол кедей, бірақ еңбекқор отбасының баласы болды: әкесі Жабай – қарапайым шаруалардың бірі, ал анасы Айшық – мейірімді әрі дана жан еді. Жамбылдың бойындағы табиғи дарын ерте байқалды. Балалық шағы жоқшылықта өтсе де, ол өз еркінше



табиғатты тамашалап, ауыл тірлігінен сабақ алды. Басқа ауыл балалары сияқты ол байдың малын бағып жүрсе де, халық ауыз әдебиетіне қызығушылығы ерекше еді. Ел ішінде айтылатын аңыз-әңгімелерді, жырлар мен дастандарды зердесіне тоқып тыңдаған болашақ жыршының ақындық жолы осылай басталды, ал ерте жастан-ақ жүрегінде елге деген махаббат пен жыршы болуға деген ынта оянды.

Жамбыл жасынан-ақ өлең айтып, ел арасына таныла бастады. Ауылды ара-

лап, мал бағып жүрген кезде де ол жырларын жаттап, жаңа өлеңдер шығарып отырды. Алғашқы жырлары көбіне қарапайым өмірді, ауылдағы күнделікті тіршілікті, туған жерді дәріптеуге арналды.

Жас ақынның дарынды қабілеті ерте байқалды: оның өлеңдерінде халықтық даналық, музыкамен үйлескен сөздің күші, шынайылық пен шынайы сезім көрініс тапты. Сол кезден бастап Жамбылдың жүрегінде ақындық жолға түсуге деген ынта мен ұмтылыс қалыптасып, оның болашақ шығармашылығына негіз салын-

ды. Жетісудың қасиетті топырағы, сөз өнерін қастерлеген ақындық дәстүр Жамбылдың шығармашылық тұлға болып қалыптасуына зор әсер етті. Оның жырларынан халықтың қуанышы мен қайғысы, ерлігі мен елдігі, бірлігі мен кең пейілі айқын көрініс табады.

Жетісудың қасиетті топырағы, сөз өнерін қастерлеген дәстүр Жамбылдың шығармашылық тұлғаға айналуына зор әсер етті. Оның жырларынан халықтың қуанышы мен қайғысы, ерлігі мен елдігі айқын көрінеді. Өмірінен сыр шертетін:

«Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей – көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл,

Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым содан»
–деген жолдары оның тағдырын, замана тынысын айқын көрсетеді.

Жамбыл Жабаев пен Мұқан Төлебаев – қазақтың рухани мәдениетінде бірін-бірі толықтыратын, әр дәуірде өмір сүрсе де, ұлттық өнердің дамуына ортақ үлес қосқан ұлы тұлғалар. Жамбылдың жыр дәстүрі мен халықтық поэзиясының асқақ рухы композитор Мұқан Төлебаевтың шығармашылығына терең әсер етіп, оның музыкалық туындыларына арқау болды. Ақынның «Жаз», «Туған елім», «Бесік жыры» өлеңдеріне ән жазуы – осы шығармашылық сабақтастықтың жарқын көрінісі. Осындай рухани үндестік арқылы Жамбыл Жабаев мұрасы тек жыр жолдарында ғана емес, кейінгі ұрпаққа тағылым мен өнеге беретін өміршең қазынаға айналды. Ұлы ақын шығармаларының құндылығы мен мәңгілік мәнін Сәкен Сейфуллин де жоғары бағалап: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып, халықтың қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз», – деген еді. Сондықтан Жамбыл жырлары – өткеннің ғана емес, бүгінгі күннің де рухани үні. Жамбыл Жабаев – қазақ даласының үніне айналған, ел жүрегінде мәңгі жаңғыратын ұлы тұлға.

Д.ТУНГАТОВА,
экскурсия жүргізуші.



Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз

Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып өтіледі. Күн мен түн теңеледі.

"Наурыз" парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында "көктем мейрамы" және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Бұл күнді "Ұлыстың ұлы күні" деп те атайды. Ұлыстың ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып, төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Осы күні адамдар пендешілік атаулыдан тазарып, жақсылыққа жол бастайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн», - деп шегелеп берді.

Осыған дейін бұл мейрам тек ауылдар мен тұрмыстық деңгейде ғана атап өтілген болса, бүгінгі таңда ол ұлттық мейрамға айналып, еліміздің саяси өмірінде үлкен рөл атқаруда. Наурыз – тәуелсіз Қазақстанның өз тарихында алғашқы жылдардан бастап жаңа саясаттың, экономикалық реформалардың, ұлттық бірліктің бастауы болып қалыптасқан мейрам. Наурыз – тек жыл мезгілінің ауысуы ғана емес, ол Қазақстанның заманауи тарихында ауқымды өзгерістерге жол ашқан, жаңа саяси кезеңнің бастауы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, осы мейрам ел ішіндегі әлеуметтік, экономикалық және мәдени реформалардың жүргізілуін қолдады. Наурыздың тарихи маңызы тек табиғаттың жаңаруы мен адамның рухани жаңғыруымен ғана шектелмей, ол еліміздің саяси және әлеуметтік өміріндегі маңызды кезеңдердің бастамасы ретінде ұлттың болашағын айқындайтын күшке айналды.

Бүгінгі таңда Наурыз әрбір қазақ үшін, тұтас ел үшін үлкен саяси мәнге ие, ол еліміздің өткен тарихы мен болашағын, ұлттық сананың қалыптасуын және қоғамдағы бірлікті көрсету үшін маңызды күн болып қалуда. Ұлы Абай «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» деп жырлаған «Наурыз» – ағайынды бауырмалдыққа, көрші-қоланды бүкіл елді татулыққа шақыратын береке-бірліктің мерекесі. Бірлігіміз арта берсін!

К.БОЛАТ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.

Ұстаздықты ұлықтаған Дәмеш ақын

Дәмеш Берсүгірова (15 наурыз 1905 жыл, Жетісу губерниясы, Лепсі уезі, Мұқаншы-Садыр болысы (қазіргі Алматы облысы, Сарқан ауданы, Бақалы ауылы) – 1984 жыл) – қазақтың халық ақыны, айтыс өнерінің көрнекті өкілі.

Дәмеш Берсүгірова Жетісу өңірінде дүниеге келген. Табиғаты көркем, тарихы терең өлке ақынның шығармашылығына ерекше әсер етті. Жастайынан сөзге шешен, суырыпсалмалыққа бейім болып өскен Дәмеш ауыл арасындағы той-думан, жиындарда өлең айтып, елге таныла бастайды. Халық ауыз әдебиетін, батырлар жырын, терметолғауларды бойына сіңіріп өскен ол заман ағамына сай қоғамдық тақырыптарды да жырға қосты. Ақынның шығармаларында ел бірлігі, еңбек адамын дәріптеу, әйел теңдігі, туған жерге деген сүйіспеншілік айқын көрініс табады.

Дәмеш Берсүгірова айтыс өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар ақындардың бірі болды. Ол замандастарымен сөз сайысына түсіп, тапқырлығымен, уәжді ойымен ерекшеленген. Өлеңдері терең мазмұнды, тәрбиелік мәні зор, халықтық сипатқа бай. Ақын шығармаларында туған жер табиғаты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, замана шындығы, адамгершілік пен адалдық тақырыптары кеңінен жырланған. Дәмеш Берсүгірова ел ішінде сыйлы ана, өнегелі тұлға ретінде де танылған. Ол жас ақындарға бағыт-бағдар беріп, ұлттық өнердің дамуына үлес қосқан. Ақынның әдеби мұрасы – Жетісу өңірінің рухани қазынасының бір бөлігі. Оның есімі туған өлкесінде құрметпен аталып, шығармалары халық жадында сақталған.

М.ЕЛЕУСИЗОВ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

М.Мақатаев - 95

Мұқағали жыры-мәңгі тірі үн

Қазақ поэзиясында уақытқа бағынбайтын, жылдар өткен сайын жаңғыра түсетін үн бар. Ол – Мұқағали Мақатаевтың үні. Ақынның жырлары бір дәуірдің емес, барша ұрпақтың жүрегіне арналған. Сондықтан да Мұқағали поэзиясы бүгін де өз оқырманын жоғалтқан емес.

Мұқағали өлеңді биік мінберден емес, адам жүрегінің төрінен жазды. Ол өмірді әшекелемейді, шындықты жасырмады. Ақынның әрбір жолынан сағыныш та, үміт те, мұң да, махаббат та сезіледі. Сол шынайылық оның жырларын мәңгілікке айналдырды. Ақын үшін туған жер – жай ғана мекен емес, жанның тынысы еді. Табиғатты жырлағанда ол тауды, даланы, аспандағы ғана емес, адам мен жердің арасындағы рухани байланысты көрсетті. Ол әлсіздікті жасыруға емес, оны түсінуге шақырады. Ал ана тақырыбындағы өлеңдерінде бүкіл қазақ баласының жүрегіндегі сағынышты сөйлете алады. Мұқағали поэзиясының ең үлкен құндылығы – адамды адам күйінде қабылдауы. Ол әлсіздікті жасырмады, мұңды мойындаудан қорықпады. Ақын жырлары бізге мынаны ұқтырады – шын сезім ұят емес, ал шындық – ең үлкен байлық. Бұл күнде Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Бірақ бұл жылдар оның жырларын алыстатқан жоқ, қайта жақындата түсті. Себебі уақыт өткен сайын адам баласы шынайы сөзге, жүрекке жететін поэзияға мұқтаж бола береді.

Мұқағали жыры – бір сәттік әсер емес, мәңгілік үн. Ол оқырманымен сырласады, жұбатады, ойландырады. Ақынның сөзі барда қазақтың рухы бар. Ал рухы бар елдің болашағы әрдайым жарқын.

Нұрлы БЕРІКБАЙ,
К.Қазыбаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.

• Ә.Бөкейхан - 160

Алаш көсемінің ғұмыр жолы

Әлихан Нұрмухамедұлы Бөкейхан 25 наурыз 1866 жылы Семей облысы Қарқаралы уез өлкесінде дүниеге келген. Ол – көрнекті қоғам қайраткері, ұлтазаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Жасынан зерек, алғыр болып өскеннен, әкесі 7-ге толған тұңғышы Әлиханды Қарқаралыдағы Зариев молланың медресесіне, 9 жасында Қами Бекметьевтің үйінде тұрып орысша оқуға береді. Медресені тәмамдаған соң Әлихан орыс-қазақ бастауыш мектебіне түседі.

Қарқаралыдан кейін 1886 жылы жаңа ашылған Омбы техникалық училищесіне (ОТУ) оқуға қабылданады. ОТУ-дың жатақханасында тұрып оқитын болады.

ОТУ – Ресей патшасының жарлығымен 1882 жылы ашылған. Ол Сібір теміржолына қажетті төменгі техникалық мамандарды оқытатын. ОТУ-дың 4 жылдық курсына орыс тілі, Ресей тарихы сынды үйреншікті сабақтармен қатар теориялық механика, көтергіш машиналар мен сорғыштар, кинематика сынды күрделі техникалық пәндер оқылатын. Ағаш өңдейтін ұстахана, темір құрал-сайман жөндейтін шеберхана мен физика-химия кабинеттерінде күнбе-күн сабақ берілетін. 3 курстан 4 курсқа өтетін жылға жазда зауыт, теміржол шеберханаларында тәжірибелік жұмыс атқарады. 3 курстың соңы мен 4 курста 1889 оқыған

жылы өзінің публицистік және ғылыми зерттеуге деген дарынымен көзге түседі. 1889 жылы ОТУ-ды үздік бітіріп шығады, сол жылы Санкт-Петербург Орман институтына жолдамамен түседі. 1890-1894 жж. 4 жыл ішінде Орман институтының экономикалық факультетін оқып бітіреді, бітірген бойда еңбек жолын ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді.

Ә.Бөкейхан Орман институтымен шектелмей тағы бір жоғарғы оқу орнында оқиды. 1893 жылы Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультеті курсына «экстерн» түрде тапсырады. Білім алғаннан кейін Омбы училищесінде сабақ береді.

1903 жылы шыққан «Ресейдің толық географиялық сипаттамасы» атты энциклопедиялық кітапта ол арнайы мақала жазып онда қазақтар туралы егжей-тегжейлі баяндайды. Ол, бұл мақаласында Абай Құнанбаев туралы жазады. Сөйтіп, Абайды орыс оқырманына таныстырады. 1905 жылы, ол патшалық отаршылдыққа қарсы петицияға қол қоюшылардың арасында болады.

Патша өкіметі халықты революциялық қозғалыстан бөліп шығару үшін, олардың өкілдерінің қатысуымен XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі отаршылықтың күшеюі ұлтазаттық қозғалыстың өрлеуіне

әсер етті. Бұл кезде қазақ ұлт интеллигенциясы өкілдерінің арасында Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы, Орынбор жоғарғы оқу орындарын бітіргендерден либерал-демократиялық қозғалысы қалыптасты. Оның басында ірі саяси қайраткер, көрнекті экономист-ғалым «Алаш» партиясының негізін қалаушы, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Мемлекеттік думадағы мұсылмандар тобының мүшесі Әлихан Бөкейхан тұрды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болған «Бүкіл қырғыздық» съезде «Алаш» партиясы қалыптасып, басшы органдарын сайлады. Оның құрамына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов т.б. кірді. Бұл партияның сол жылы 5-13/18-26/ желтоқсанда Орынборда өткен екінші съезінде қазақтың автономиясы – Алашорда Үкіметі – Ұлт Кеңесі құрылды. «Алаш» партиясының Бағдарламасы бекітілді. Құрылған үкіметінің құрамына 15 адам, халық Кеңесі төрағасы болып Әлихан Бөкейханов бекітілді. Бұл үкіметтің негізгі мақсаты ұлттық бірлікті жандандыру саясаты болған еді.

1926 жылы БК/Б/П Қазақстан өлкелік комитетінің III пленумында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С. Мендешев, Ж.Аймауытов, С.Қожанов және басқалар орынсыз сынға алынды. Кешікпей бұл сын интеллигенцияға қарсы ашықтан-ашық қудалауға және айыптауға ұласты. 1937 жылдың 26 шілдесінде ақырғы рет тұтқындалып Бутыркаға түседі. Екі айдан кейін – 27 қыркүйекте ату жазасына кесіліп, өкім сол күні орындалды. Сүйегі Мәскеудегі Дон зиратының крематорийінде өртеліп, күлі «№1 шұқыр» деп аталған бауырластар зиратына төгілді.

Әлихан ұлтазаттық қозғалысының саяси көсемі, тектілік төрелігі бар, батыс рухындағы ғалым, күрескер-стратег, тактик, саясаткерлігі басым тұлға.

1989 жылдың 14 мамырында КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан Әлихан Бөкейханов ақталды. 52 жылдан соң. Ұлы қайраткер, кемеңгер қазақ, асыл азамат, ел Арысы, алты алаштың Әлиханы енді Азат...

Н.БОКУШБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

Жуырда Жоңғар Алатауы ұлттық паркінің мәжіліс залында жылына екі рет бас қосып, түйткілді мәселелерді шешуге бағытталған үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ-нің бас жоспарына түзетулер мен өзгерістер енгізу жобасы; Туристік-рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерінде объектілер салу және үйлестіру кеңесі мүшелерінің құрамын қайта қарау және бекіту мәселелері қарастырылып, жан-жақты талқыланды.

Жиын барысында сөз алған ұлттық парктің директоры Марат Қабиев елімізде туризмді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін атап көрсетті. Сонымен қатар туризмді дамыту арқылы мемлекетіміздің экономикалық жағдайын жақсарту, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешу, Қазақстанда туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жасау, мекеменің бас жо-



Туризмді дамыту – мемлекеттік

саясаттың басым бағыты

спарына өзгерістер енгізу өзекті мәселе екенін жеткізді. Үйлестіру кеңесінің барысында жоғарыда қарастырылған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Қабылданған шешімдер ұлттық

парк аумағын тиімді басқаруға, табиғи кешендерді сақтауға және туристік-рекреациялық қызметті жүйелі дамытуға бағытталатыны сөзсіз.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Берегімізге природу от пожаров

Леса, поля, реки и озёра создают условия для жизни человека и животных, очищают воздух, сохраняют климат и украшают нашу землю. Но одной из самых серьёзных угроз для окружающей среды остаются пожары. Каждый год тысячи гектаров леса страдают от огня.

Основной причиной большинства пожаров является человеческая неосторожность. Непотушенный костёр, брошенный окурок, поджог сухой травы могут привести к масштабной трагедии. В жаркую и ветреную погоду огонь распространяется с огромной скоростью, уничтожая всё на своём пути. Последствия пожаров катастрофичны. Гибнут животные и птицы, разрушается их естественная среда обитания. Сгорают деревья, которые росли десятилетиями. Почва теряет плодородие, а воздух наполняется дымом и вредными веществами. Восстановление лесов занимает многие годы, а иногда и десятилетия.

Я работаю в национальном парке уже много лет и каждый день вижу, насколько хрупкой может быть природа. Лес кажется сильным и вечным, но на самом деле он очень уязвим перед огнём. Одна неосторожность способна уничтожить то, что создавалось десятилетиями.

Наш парк — это дом для сотен видов растений и животных. Здесь растут редкие деревья, гнездятся птицы, обитают звери, которым необходимы тишина и безопасность. Но в пожароопасный период любая искра может превратить зелёные просторы в выжженную землю. Чтобы предотвратить пожары, каждый человек должен соблюдать простые правила: не разводить костры в запрещённых местах, тщательно тушить огонь, не оставлять мусор и не поджигать сухую траву. Важно помнить, что даже маленькая искра может стать причиной большой беды.

Бережь природу — значит заботиться о будущем. От нашей внимательности и ответственности зависит сохранность лесов и чистота воздуха. Пусть каждый внесёт свой вклад в защиту окружающей среды от пожаров.

Р. БАХТИЯРОВ,
инженер охраны и защиты леса
Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Менің туғам өлкем поэзия мен прозада

Сарқан ауданынан шыққан ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау, туған жер тақырыбындағы туындыларды дәріптеу, жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында Сарқан аудандық кітапханасында 19 ақпан күні «Туған жерге тағзым» жобасы аясында «Менің туған өлкем проза мен поэзияда» тақырыбында кездесу кеші өтті.

Рухани мазмұны терең шараға Қазақстан Журналистер одағы және Қазақстан Жазушылар одағы мүшесі, белгілі журналист-жазушы Игіман Жомарт Мақатұлы және әуесқой ақын, өлкетанушы Дюсембекова Ұлжан Нұрғалымқызы қатысып, оқырмандармен мазмұнды әңгіме өрбтті. Қонақтар туған жердің қадір-қасиеті, оның адам өміріндегі орны мен маңызы туралы ой бөлісіп, өлке тарихы мен табиғатының әдеби шығармаларда көрініс табуы жайында тағылымды пікірлер айтты.

Кездесу барысында кітапхананың тұрақты оқырмандары Сейсенәлі Лау-



ла, Серікнұр Айсұлу, Мұратбек Айбике жергілікті ақындардың туған өлке туралы жүрекке жылы тиетін өлеңдерін мәнгерлеп оқып, кештің әсерін арттыра түсті. Әдеби туындылар арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, елге қызмет ету, ұлттық құндылықтарды қастерлеу идеялары кеңінен насихатталды.

Шара барысында қатысушылар қонақтарға сұрақтар қойып, шығармашылық жолы, шабыт көздері мен өлкетану жұмыстары туралы қызықты мәліметтер алды. Әдебиетке қызығушылық танытқан жастар үшін бұл кездесу рухани шабыт сыйлап, туған

өлкенің тарихын тереңірек тануға жол ашты.

Кеш соңында «Туған өлке – тұнған тарих» атты кітап көрмесі таныстырылып, библиографиялық шолу жасалды. Көрмеге Сарқан өңірінен шыққан қаламгерлердің шығармалары, өлкетану бағытындағы еңбектер мен туған жер тақырыбындағы әдеби туындылар қойылды.

Мазмұнды кездесу кеші оқырмандарға ерекше әсер қалдырып, туған жердің рухани байлығын тануға мүмкіндік берді. Осындай тағылымды шаралар жас ұрпақтың елжандылық сезімін нығайтып, ұлттық әдеби мұраға деген қызығушылығын арттыра түсетіні сөзсіз.

Л.ҚҰЛЫМБЕТОВА,
аудандық кітапхана
библиографы.

• 101 ескермеді

ТҮРМЫСТЫҚ ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



-2 қабаттан асатын тұрғын үйлерде газ баллондарын пайдаланбаңыз;

- үй-жайларды өз бетінше газдандыруды, газ аспаптарын, баллондарды және бекіту арматурасын ауыстыруды және жөндеуді жүргізбеңіз;

- жұмыс істеп тұрған газ құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыз;

- газдың ағып кетуін тексеру үшін ашық отты пайдаланбаңыз (осы мақсатта сабын ерітіндісін қолданыңыз);

- балаларға газ аспаптарын пайдалануға

жол бермеу және оларды қараусыз қалдырмау;

Газ жабдығын орнатқан кезде жиһаздан және басқа жанғыш материалдардан келесі қашықтықты сақтаңыз:

- көлденеңнен ең жақын тік бетке дейін кемінде 0,2 м,

- тігінен ең жақын ілулі көлденең бетке дейін кемінде 0,7 м,

- жылыту радиаторларынан, басқа да жылыту аспаптарынан және пештерден кемінде 1 м;

- ашық отты жылу көздерінен кемінде 5 м.

Жанармай құю станцияларында газ баллондарын толтырмаңыз!

ГАЗ АҒЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА:

- газ беруді тоқтатыңыз;

- терезелер мен есіктерді ашыңыз;

- сіріңкелерді, оттықтарды жағуға болмайды, жанып тұрған темекісі бар бөлмеге кірмеңіз;

- жарық пен электр құрылғыларын қоспаңыз;

- егер газ жанса, жалынды сөндірмеңіз-газ жанып жатқанда, жарылыс қаупі жоқ.

Оқиға туралы дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлаңыз.

Е.ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

БЕЗОПАСНЫЙ ОТОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕРИОД

Практически ежегодно после окончания пожароопасного сезона начинается подготовка к отопительному сезону, так как увеличивается количество бытовых пожаров в жилых домах и квартирах, причинами которых чаще всего являются грубые нарушения правил пожарной безопасности при эксплуатации отопительных систем и установок, печного отопления, перегрузки электросети, а также обычная беспечность.

Именно поэтому так важно еще раз напомнить, что такую беду, как пожар все-таки можно предотвратить, позаботившись заранее о выполнении, в общем-то, простых требований пожарной безопасности.

Во избежание возникновения пожаров и других несчастных случаев Вам необходимо: Перед началом отопительного сезона проверить и отремонтировать печи, а также дымоходы печей и другие отопительные приборы; Очищать печи и дымоходы от сажи перед началом, а также в течение всего отопительного сезона не реже одного раза в квартал; На чердаках побелить все дымовые трубы и стены, в которых проходят дымовые каналы; Защитить пол перед топочным отверстием печи металлическим листом размером не менее 50х70 см; В случае обнаружения нарушений целостности штукатурки дымовых каналов немедленно принять меры к их устранению; На дымовых трубах печей, работающих на твердом топливе, установить искрогасители.

Запрещается: Оставлять без присмотра топящиеся печи, а также поручать надзор за ними малолетним детям; Располагать топливо, другие горючие вещества и материалы на предтопочном листе; Применять для розжига печей бензин, керосин, дизельное топливо и другие ЛВЖ и ГЖ; Перекаливать печи.

При возникновении пожара или загорания немедленно сообщить по телефону «101», «112» одновременно приступив к тушению пожара, эвакуации людей и материальных ценностей. Помните! Только от вас самих зависит благополучие и сохранность вашего дома.

РАХМАРОВ,

главный специалист ОЧС Сарканского района, капитан гражданской защиты.

ВАКЦИНАЦИЯ



Халық арасында екпе деп аталатын вакцинация – әлсіреген немесе өлтірілген микроорганизмдер негізінде жасалған затты адам ағзасына енгізу. Денеге енгізген кезде вакцина табиғи иммунитеттің жұмысын күшейтуге және белгілі бір ауруға немесе вирусқа қарсы иммунитетті дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы медицинада вакцинациядан басқа инфекциялық аурулардың алдын алудың тиімді құралы жоқ. Ұлттық күнтізбеге сәйкес Қазақстан Республикасында вакцинация 21 инфекциялық ауруға қарсы ақсыз түрде жүргізіледі.

Неліктен вакцинация қажет?

Аурулардың алдын алу үшін - вакцинация ауыр асқынуларға және тіпті өлімге әкелуі мүмкін көптеген инфекциялық аурулардан қорғайды.

Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін - адамдардың көпшілігі вакцинацияланған кезде, аурудың таралуы қиында соғады, тіпті медициналық қарсы көрсетілімдермен егілмейтіндерді де қорғайды.

Ауруларды бақылау және жою үшін - вакцинация шешек сияқты ауруларды толығымен жоюға және ауруларды айтарлықтай азайтуға көмектесті.

Вакцинацияның көпшілігі балалық шақта жасалады - бұл қауіпті ауруға қарсы иммунитеттің болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, баланың ағзасы вакцинацияны жеңіл қабылдайды, қажетті антиденелер тез қалыптасады.

Ересек адамға вакцинация қажет пе?

Балалық шақта енгізілген вакциналардың әсерінен пайда болған антиденелерден ересек адамдарда көптеген аурулардан қорғалады. Алайда, уақыт өте келе антиденелер айтарлықтай төмендеуі мүмкін

екенін білетіндер аз. Мәселен, сіреспе мен дифтерияға қарсы ревакцинацияны әр 10 жыл сайын жүргізу қажет.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын инфекциялық аурулар планетадағы өлім-жітімнің 25% құрайды. Вакцинациялаудың нәтижесінде біз бұрын өлім қаупін тудырған, тұтас мемлекеттер мен континенттерді жойған ауруларды (шешек, оба, тырысқақ) ұмыта бастадық. Өлемде шешектің түпкілікті жойылғанын ДДҰ 1980 жылы жариялады. Қазіргі уақытта екпенің арқасында көптеген елдерде полиомиелиттің таралуы тоқтатылды.

Вакциналар бізді өмір бойы және кез келген жаста – туылғаннан кейін, балалық шақта, жасөспірім шақта және қартайғанға дейін қорғайды. Жасына сәйкес вакциналардың уақытылы жасалуы маңызды. Вакцинацияны кейінге қалдыру арқылы біз ауыр ауруға шалдығу қаупіне ұшыраймыз. Егер біз вакцинация шұғыл түрде қажет болатын сәтті күтетін болсақ, мысалы, егер аурудың өршуі басталса, онда вакцинацияның қажетті әсерін немесе вакцинаның барлық қажетті дозаларын алу үшін кеш болуы мүмкін.

Вакцинациядан бас тарту арқылы біз өзімізді және балаларымызды денсаулық құқығынан айырамыз. Есіңізде болсын, вакцина жеке адамды ғана емес, айналасындағыларды да қорғайды. Егер халықтың 95% егілсе, ұжымдық иммунитет жұмыс істейді. Осылайша, ұлттық денсаулығы әр адамның таңдауына байланысты.

А. ЖАРТЫБАЕВА,

Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Мемлекеттік қызмет – елге ағал қызмет

Мемлекеттік қызмет – қоғам үшін аса маңызды әрі жауапты сала. Бұл салада еңбек ету әрбір азаматтан жоғары жауапкершілікті, адалдықты және кәсібилікті талап етеді. Мемлекеттік қызметкердің басты мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсетіп, елдің дамуына өз үлесін қосу.

Мен үшін мемлекеттік қызмет – жай ғана жұмыс емес, үлкен сенім мен міндет. Себебі әрбір азаматтың өтініші мен мәселесінің артында оның өмірі, тұрмысы және үміті жатыр. Сондықтан мемлекеттік қызметкер әрқашан әділдік пен заңдылық қағидаттарын сақтай отырып, халыққа көмек көрсетуге дайын болуы керек.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет жүйесі заман талабына сай жаңарып, ашықтық пен тиімділікке ерекше мән берілуде. Мемлекеттік органдар халықпен тығыз байланыс орнатып, азаматтардың сұраныстары мен ұсыныстарын тыңдауға басымдық беріп келеді. Бұл өз кезегінде қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет – елдің дамуына тікелей әсер ететін маңызды сала. Халықтың сенімін ақтау, қоғам игілігі үшін еңбек ету және әділдік пен адалдықты сақтау – әрбір мемлекеттік қызметкердің басты міндеті.

Е.ҚЫДЫРЖАНҰЛЫ,

«Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің санаторлық тобымен «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөнінде конкурс өткізетіндігін хабарлайды. Құжаттарды қабылдау хабарландыруды орналастырған күннен бастап күнтізбелік 20 күн өткен соң аяқталады.

Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады: 1) өтінім (еркін түрде); 2) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 3) Түйіндеме; 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса); 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына:1) осы білім беру ұйымындағы тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе заңды өкілдері (осы білім беру ұйымындағы әрбір жас ерекшелік топтарынан тәрбиеленушілердің бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – (кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топ) - 4 адамнан аспайды;2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам; 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам; 5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам; 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;

Кеңес мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен немесе ата-аналар комитеттері ұсынылады.

Ата-аналар жұртшылығынан үміткерлердің тізімі (осы білім беру ұйымындағы әрбір жас ерекшелік топтарынан білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) осы хабарландыруда көрсетілген құжаттармен қоса білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

Негізі: Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ОАМ м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы.



Нәзікжандылар күш сынасты

2026 жылдың 5 наурыз күні Сарқан қаласында 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай әйелдер арасында эстафета және қол күрес жарыстары ұйымдастырылды.

Іс-шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Байғұнысов Алмас Ажарханұлы құттықтау сөз сөйлеп, әйелдер қауымын көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне табыс тіледі.

Жарысқа қатысқан нәзік жандылар өздерінің белсенділіктерін, ептіліктері мен күш-жігерлерін көрсетіп, тартысты бәсеке өтті. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, мадақтамалармен және сыйлықтармен марапатталды. Мерекелік жарыс әйелдерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлесін қосты.

Сен туған күн, мерекеліен!

Пограничник ауылының тумасы, Пограничник дәрігерлік амбулаториясында бірге қызмет еткен жан досымыз, қазіргі таңда Алматы қаласының тұрғыны **Намазова Ардақ Алдашқызын** зейнетке шығуымен құттықтаймыз. Туған күн иесіне дені сау, ғұмыр жасы ұзақ болуын тілейміз. Өрқашан балаларының қуанышын, рахатын көре берсін. Жанұясына бақ-береке тілейміз.

Құтты болсын туған күнің, мерейлі,
Еңбегіңмен елге болған көп үлгі.
Жылдар бойы маңдай термен

еңбек етіп,

Енді келді зейнетіңнің берекелі күні.

Қуаныш пен шаттық толсын әр күңіңе,

Денсаулық серік болсын өміріңе.

Немере сүйіп, шат-шадыман өмір сүріп,

Бақыт қонсын әрдайым төріңе.



Ізгі тілекпен: дәрігерлік амбулатория ұжымы және достары.

ҚАРАУЫЛТӨБЕ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ "ТАНЫМ ЗЕРДЕСІ" ҮЙІРМЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

Темірхан Айлин - 3-сынып оқушысы, оқу озаты. Бос уақытында кітап оқиды, ертегі, өлең жазумен айналысады. Аудандық «Оқуға құштар оқушы» байқауының жүлдегері. Республикалық әдеби оқулар жүлдегері.

Жұлдыздар

Жарқырайды аспанда,
Әсем, көркем моншақтар.
Қарасаң, көз тоймайтын,
Аспандағы жұлдыздар.

Әке мен ана

Асқар тауым –әкешім,
Қорған болған өзіңсің.
Мәпелеген анашым,
Мейіріміңді сеземін.

Алмас Медина - озық ойлы, талапты 4-сынып оқушысы. Республикалық әдеби байқаулардың жүлдегері. Бос уақытында әңгіме жазуды ұнатады.

Менің мысығым

Менің мысығымның аты Маруся. Ол өте сүйкімді. Өзі ала, көзі сары жасыл, ұйқыны жақсы көреді. Марғауы да өзіне тартқан. Мен осы үйімдегі кішкентай жануарды бақылайын деп шештім. Марусяның қылығы өте қызық. Өзінің баласымен ойнайды. Желкесінен тістеп, басқа бір жерге апарып тастайды да, өзі көзін бір ашып, бір жұмып жатады. Марғауы анасына ұйқы бермейді. Еркелейді кәдімгідей. Мысығым құшақтап, еркелетеді, тырнақтарын батырмай сипалайды. Содан екеуі ұйқыға кетеді. Ыдысына тамақ, сүт құйсам, орнынан атып тұрып, құйрығын тікелейтіп келеді де, содан кейін ғана марғауды мияулап оятып алып келеді. Марғау жемейді, иіскейді болды. Неге жемейді десем, анасын емеді екен. Содан қарны ашпайтынын білдім. Міне, менің мысығым осындай. Өздерін қатты жақсы көремін.

Жұматайқызы Зере - оқу озаты, дарынды 4-сынып оқушысы. Республикалық әдеби байқаулардың жеңімпазы. Ертегі жазғанды ұнатады.

Сиқырлы қуыршақ

Бір күні Айзере деген қыз болыпты. Айзереңің әдемі қуыршақтары бар екен. Бірде Айзере қуыршақтарымен ойнап жатқан кезде анасы шақырады. Сол уақытта қуыршақтарға жан бітіп, сөйлей бастайды. Осы күбірді естіп, Айзере есіктің артына тығылып, сығалап тұра қалады. Қуыршақтар Айзереңі байқап қойып, тыныштала қалады. Айзере қуыршақтарының сиқырлы екенін біліп қояды. Қуыршақтарды қолына алып, сендердің сиқырлы болғандарың қандай жақсы болды, тіріліңдерші— деп жалынады. Қуыршақтарға жан бітеді. Олар Айзеремен ойнайды. Айзереңің қуанышында шек жоқ. Қуыршақтарына ат қояды, киім тігеді, сөйлеседі. Олар тамаша дос болады.

Базарбекқызы Мира - талапты, дарынды 4-сынып оқушысы. Республикалық әдеби оқулардың жүлдегері. Бос уақытында өлең жаттаумен, мәнерлеп оқумен айналысады. Республикалық әдеби оқулардың жүлдегері.

Табиғат тамашалары

Бізді қоршап тұрған әлемге мен қызыға қараймын. Таңданамын. Ағаштардың әр түрлілігі, гүлдер, шөптер бәрі бір біріне ұқсамайды. Тіпті жасыл түсті жапырақтардың өзі жасыл түстің бірнеше түрі барын көрсетіп тұрады. Аспанға қарасаң, көз тоймайды. Көгілдір шексіздік. Бұлттар шашылған мақтадай, жүріп барады. Ал таулар сол аспанға жетіп, ұшы көрінбейді. Тау басы ақ жаулық жамылғандай. Сол биік таулардың шыңдарында қар барысы мекендейді екен. Көзге көп көріне бермейтіні сондықтан шығар, ешкім бара алмағандықтан деп ойлай-

мын. Су бастауын таудан алады деген ғой, еріп бір-біріне қосылып, бұлақ болып, бұлақтар бір-біріне қосылып өзен болып ағады. Тап бір ережеге бағынғандай. Солай жалғаса береді. Осындай әдемілігімен, құбылуымен, бірізділігімен табиғат тамаша емес пе!?

Арман Балжан - талапты, өнерлі, суретші 4-сынып оқушысы. Республикалық суретшілер байқауының жүлдегері.

Суретші болғым келеді

Мен сурет салғанды ұнатамын. Көп уақытымды сурет салуға арнаймын. Сулы акварель бояулармен салған ұнайды. Себебі: бояулары қанық суреттерді жақсы көремін. Бояуларды бір-біріне қосып, әртүрлі түстер шығаруға болады. Түстердің сан алуандығы - жаңаша суреттер салуға ой қосады. Сыныптағы достарыма да сурет салып беремін. Мені бәрі «Балжан суретші» дейді. Солай атағандары маған ұнайды. Ал менің арманым өскенде суретші болу.

Шәріпқали Нұрәлі - оқу озаты, талапты әдебиетке құмар 4-сынып оқушысы. Бос уақытында өлең жазумен айналысады. Республикалық әдеби байқаулардың жүлдегері.

Аяулы анашым

Асыл анам, ғажап анам, жан анам!
Өзіңнен асқан асыл жан бар ма,
маған,
Анамның жүрегіне мұң салмай,
Шыншыл болам,
әділ болам мен балаң...

Асқар тау әкешім

Асқар тау әкешім,
Сізден асқан адам бар ма
бұл әлемде.
Жігіттің сұлтаны ғой менің әкем,
Мақтанамын өзіңмен жаным әкем.

Мүгедектігі бар адамдардың мәселелері жөніндегі аудан әкімінің штаттан тыс кеңесшісі - **Кадырбаев Айдар Серикович**
Байланыс телефоны
87071567414.

Электрондық пошта:
aidarkadyrbaev38@gmail.com

2026 жылдың 24 ақпанынан Сарқан ауданы әкімінің № 7-ө өкімімен мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі аудан әкімінің штаттан тыс кеңесшісі болып бекітілді.



Жұмыс орны Тәуелсіздік көшесі 117 мекен жайында орналасқан ғимараттың 2 қабаты.

Кадырбаев Айдар Серикович - внештатный советник акима района по вопросам лиц с инвалидностью.

Контактный телефон:
87071567414.

Электронная почта:
aidarkadyrbaev38@gmail.com.

Распоряжением акима Сарканского района № 7-ө от 26 февраля 2026 года был назначен внештатный советник акима района по вопросам лиц с инвалидностью. Рабочее место находится на втором этаже здания по адресу: улица Тәуелсіздік 117.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарқан қаласы Құрманғазы көшесі №13-ші үй сатылады.

Жылы, жарық үйдің үлкен залы, екі жатын бөлмесі, кіреберіс бөлмесі, ас бөлмесі, қол жуатын жері бар. Сонымен қатар үлкен навесі, жаздық ас үйі, моншасы, гаражы бар, ауласы кең, 14 сотық жері бар. Бағасы келісімді. Күнсұлу: 8 778 382 4317.

•**Абишев Бахтияр Жумашевичтің** атына 19.03.2016 жылы Алматы облыстық ПД-нен берілген «В» категориялы № ВХ 039156 номерлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•**Молдай Есдәулеттің** атына ҚР ІІМ-нен 31.05.2024 жылы берілген 056696895 нөмірлі жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•**Досжанұлы Жігердің** атына тіркелген BMW маркалы автокөліктің техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.